

the human values and tries for deep cognition of people and it's devoted for the human's character explanation as the main idea.

Keywords: story, method, paradigm, to teach, idea, value.

References

1 Qazaqstan Respýblikasynda bilim berýdi damytýdýn 2011-2020 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. - Astana, 10 maýsym 2011 j. - 41 bet.

2 Turǵynbaeva B.A. Qazirgi bilimniń negizgi paradigmalary. // Rýhanı jańǵyrý: HHI ǵasyrdaǵy zamanaýı bilim berý keńistiginıń paradigmalary. Halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensiasynıń materialdary. Qazaqstan, Taraz, 2 tom. 2018.- 3-4 bb.

3 Dáýletbekova J.T. Sóz mádenietı - tildik bilim nátiyesi. Monografia. - Almaty: Ǵylym men bilim integrasıy institúty, 2017. - 240 bet.

4 Áýezov M. Shyǵarmalarynyń elý tomdyq tolyq jınaǵy. – Almaty: «Dáýir», «Jibek joly», 2014. 2-tom: Maqalalar, áńgimeler, aýdarmalar, pesalar. 1921-1925. – 480 bet.

5 Jumabaev M. Shyǵarmalary (ádebi basylım). 2-tom: Áńgime, ǵylymı eńbek, maqalalar, aýdarmalar, jarıalanbaǵan óleńder. Qurast. S.Jubaniyazov. - Almaty: Jazyshy, 2013. - 376 bet.

6 Muhtar Áýezov týraly estelikter. 2-bas. Qurast. Dıar Qonaev, Sanagúl Mailybaeva, Ándibek Qıanyshbaev. - Almaty: "Bilim" baspasy, 2007. - 288 bet.

7 Jumajanova T.Q. Ádebietti oqıtý ádistemesi. Mektep ustazdary men bolashaq ádebietshi stýdentterge arnalǵan - Almaty: Bilim, 2009. - 288 bet.

8 Smanov B. Kórkem shyǵarmany taldaý negizderi. Monografia. - Almaty: Abai atyndaǵy Qazaq ulttyq pedagogıkalyq ýnıversiteti, "Ulaǵat" baspasy, 2016. - 366 bet.

Information about authors:

Yedilbek Abdimomynov, Senior lecturer of Taraz regional University named after M.H. Dulati, Taraz, Kazakhstan, e-mail: edil889@mail.ru

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.13

FTAMP 14.35.09

ӘОЖ 37.018.4

Ж.К.Отарбекова¹, А.Қ Дауткулова²

¹Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhotarbekova@gmail.com

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: sat.tom@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ISPRING БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі білім беру жүйесінде қашықтықтан оқыту технологияларын жетілдіру қажеттігі өзекті болып отыр. Орта мектеп үшін көптеген оқулықтар бойынша электрондық оқулықтар мен түрлі білім беру ресурстары жасалғанымен, жоғарғы оқу орындарында мұндай ресурстар жеткіліксіз. Студент пен оқытушы арасында белсенді қарым-қатынас орнатып, тиімді кері байланыс жасау үшін электрондық оқулықтар дайындау керек. Сапалы электрондық оқулық дайындау – бірқатар мамандардың: редакторлардың, дизайнерлердің, бағдарламашылардың

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а., ф.ғ.к.

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің магистр - аға оқытушысы.

қатысуын қажет ететін күрделі, ұзақ уақытты қажет ететін үдеріс. Ал бүгінгідей жаппай қашықтықтан оқытуға көшу жағдайында электрондық оқулықты жылдам дайындау мен қолдану қажеттігін *iSpring* компаниясының өнімдері арқылы шешуге мүмкіндік туып отыр. *iSpring* арқылы оқытушы әр сабағы үшін қажетті бейнедәрісті өзі түсіріп қана қоймай, түрлі тапсырмалар мен тестерді интерактивті түрде дайындап, оны орындауға ұсынады әрі орындалған тестер мен тапсырмалардың нәтижесін ала алады. Қашықтықтан оқытуға арналған *iSpringLearn* оқу үдерісін белсенді жүргізуге және оқу нәтижелерін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Біз мақала аясында *iSpring Suite-9* көмегімен қазіргі қазақ тілі саласы бойынша электрондық тапсырмалар дайындау жолдарын көрсетуді мақсат етіп отырмыз.

Негізгі сөздер: қашықтықтан оқыту, электрондық оқулық, *iSpring*, *iSpring Learn*, *iSpring Suite-9*, интерактивті тапсырмалар.

Қашықтықтан білім беру жағдайында қазақ тілі пәнін оқыту барысында білім алушының бойында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыру басты назарда болып отырған қазіргі кезеңде оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, бірінші кезекте компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқыту қажеттігі туындайды.

Қазақ тілін оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, біріншіден, базалық білім беру үшін (электрондық оқулықтар мен оқу құралдары), екіншіден, жаттығу, дайындалу құралы ретінде (электрондық жаттығулар, виртуалды қазақ тілі сабақтары, тілдік тренажерлер), үшіншіден, қосымша оқу құралы ретінде (электрондық энциклопедиялар, көркем шығармалар, компьютерлік тілдік ойындар) пайдалануға болады [1].

Қазіргі кезеңде әр түрлі бағдарламалар көмегімен жасалған оқулықтар аз емес. Мұндай оқулықтардың дені арнайы білімі бар бағдарламашылардың көмегімен жасалатыны белгілі. Осыдан келіп, бірнеше жыл бұрын жасалған оқулықтың кейбір деректерінің ескіруі, жаңа ақпараттар енгізу қажетті туындаған жағдайда, оқулық авторының қиындыққа тап болатыны жасырын емес. Электрондық курс дайындаудың көпшілік үшін жеңіл, арнайы компьютерлік білімді қажет етпейтін, қолжетімді бағдарламасын іздестірген педагогтердің *iSpring* компаниясының өнімдеріне жүгінері сөзсіз.

Бүгінде *iSpring компаниясы* – электрондық оқу курстарын және онлайн презентациялар дайындаушы әлемдегі ең танымал компания. *iSpring* бағдарламалық құралы оқу мен бизнесте қазіргі заманғы жаңа мультимедиялық технологиялардың жетістіктерін кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. *iSpring* компаниясы *Microsoft* компаниясының әріптесі болып табылады және ара қашықтықтан оқыту жүйесін жасаушылармен ынтымақтастықта жұмыс істейді. 2008 жылдан бастап компания *iSpring* құралдарын Ресей нарығына бейімдей бастады. Қазіргі кезеңде *iSpring* өнімдерінің барлығы дерлік орыс тілінде ұсынылады. Аталған бағдарламаның бірнеше түрі кеңінен танымал бола бастады, атап айтқанда, *iSpring Presenter*, *iSpring Online*, *iSpring PRO*, *iSpring QuizMaker*, *iSpring Suite* [2].

iSpring технологиясын медициналық білім беруде қолданудың тамаша үлгісін *iSpring* блогынан көруге болады [3].

iSpring Presenter, *iSpring Suite* көмегімен презентацияға негізделген кәсіби электрондық курс жасауға болатын болса, *iSpring Online* көмегімен ара қашықтықтан оқытуға қажетті онлайн курс жасауға мүмкіндік туады. Ал *iSpring PRO* арқылы *HTML5* және *Flash* презентацияларды тікелей PowerPoint-та жасауға болады. *iSpring QuizMaker* бағдарламасы интерактивті он бір түрлі сипаттағы тест құраудың және он екі түрлі тапсырмалар құрастырудың жүйесін қамтиды.

Жас ғалым Г.Ж.Жетимекованың «Тест құрауда және сауалнама жүргізуде. iSpring Quiz Maker қолданылу ерекшеліктері» атты мақаласында iSpring Quiz Maker құралдарын оқу үдерісіне қолдану ерекшеліктері қарастырылады [4, б.52-55].

iSpring Suite-7, iSpring Suite-8, iSpring Suite-9 аталған бағдарламалардың кешенді жиынтығыдесе де болады. iSpring Suite арқылы компьютерде де, мобильдік құрылғыларда да қарауға болатын бірегей интерактивті курс жасауға болады. Онда Power Point мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалануға, аудио және бейне материалдар қоюға, тестер мен тапсырмалар жасауға, дайын курсты кез келген құрылғы арқылы пайдалануға жағдай жасалған.

Бұл құрылғының мүмкіндіктері М.К.Астанованың мақаласында жан-жақты баяндалған [5, б.41-45].

iSpring Suite бағдарламасын орнатқаннан кейін Сіздің компьютеріңізден презентация парағын ашқанда, аталған бағдарламаның Power Point-тан шығып тұрғанын байқайсыз. Бүкіл оқулық материалын слайд түрінде жоспарлап алып, әрбір тақырыпқа қажетті материалды сол жоспардың жанына енгізе берсеңіз болады.

iSpring Suite көмегімен бейнежазбалар, аудиожазбалар, суреттер, мультимедиялық материалдар енгізе аласыз, әрі бүкіл бір слайдқа жинақталған материалдарыңызды HTML5 и Flash форматтарына ауыстырып, электрондық курсқа айналдырасыз.

Электрондық оқулықтың басты артықшылығы интерактивті тестілеу мен тапсырмалар жүйесіне байланысты. Көрсетіліп отырған бағдарламада оқу құралына тест енгізу үшін «ТЕСТ» белгісін басып, бағдарламаның тиісті бетін ашу керек. Онда 11 түрлі тест сұрақтарын, 12 түрлі анкеталық тапсырмалар құрастыруға, сондай-ақ ол тестерге, тапсырмаларға қажет болса, сурет, аудио, бейнелер, формулалар қоюға болады. Мұның барлығы iSpring Quiz Maker көмегімен орындалады. Төменде «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясы» [6] бойынша дайындалған электрондық оқулық тапсырмаларын үлгі ретінде ұсынып отырмыз. Қазіргі қазақ тілі салалары бойынша электрондық оқулықтар базасын құру мен бейнеқор жасау мәселесінің қажеттігі бұдан бұрын да көтерілген болатын [7, б.133-136].

«Анкета» бастырмасы арқылы жасалатын тапсырмалар төмендегідей сипатта болады:

Сурет 1 – Жауабын орнына қою

Вопрос 7 из 9

Кәсіби сөздер мен термин сөздерді ажыратып жазыңыздар.

Ыңғыру - Выбрать - ,

көкпақ - Выбрать - ,

бойдақ бидай - Выбрать - ,

кернеу - Выбрать - ,

жасуша - Выбрать - .

Отправить

Сурет 2 – Жауаптары салынған сұрақтар

Вопрос 6 из 9

Сөздік қорға кіретін сөздерді көрсетіңіз

☐ өзен

☐ өмір

☐ дала

☐ айт

☐ тоғыз

☐ кеңшар

☐ балабақша

Отправить

Сурет 3 – Бірнеше жауапты таңдау

Информационный слайд

Абай өлеңдерінен қазақ тіліне араб, парсы тілінен енген сөздерді табыңыз

1. Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махұм қалмағыма кім кінәлі.
Қолымды деп сермесем естер ме едім?
(Жасымда ғылым бар деп ескермедім).

2. Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет.
Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға.
(Қансонарда бүркітші шығады аңға).

4. Еждихансыз, михнатсыз
Табылмас, ғылым сарасы.
Аз білгеннен көпінсе,
Көп қазаққа епінсе,
Кімге тиер пайдасы.

Далее

Сурет 4 – Ақпараттық тапсырма

Вопрос 5 из 9

Топонимика кісі есімдерін қарастырады.

☒ Жоқ

☐ Иә

Отправить

Сурет 5 – Иә немесе жоқ түріндегі тапсырма

Вопрос 1 из 9

Лексикологияның саласы мен зерттеу нысанын сәйкестендіріңіз

Лексикография	сөз мағынасы
Этимология	сөздік жасау
Семасиология	сөздің шығу тегі
Ономастика	тұрақты тіркестер
Фразеология	кісі, жер-су атаулары

Отправить

Сурет 6 – Сәйкестендіру

Вопрос 2 из 9

Тиісті лингвистикалық терминді жазыңыз:

Тілдегі күллі сөздердің жиынтығы -

Сөздің шығу төркінін зерттейтін ғылым саласы -

Тілдің лексикасын зерттейтін тіл білімінің саласы -

Кісі есімдерін зерттейтін сала -

Жер-су атауларын зерттейтін лексикологияның саласы -

Сөздіктерді жасаумен, зерттеумен айналысатын сала -


Тіл дыбыстарын зерттейтін лексикологиямен шектес сала -

Сөздің сөйлемде атқаратын қызметін зерттейтін сала -

Сөздердің грамматикалық сипатын, сөз табына қатысын тексеретін сала -

Отправить

Сурет 7 – Жауапты енгізу түріндегі тапсырма



Сурет 8 – Қысқа жауап түріндегі тапсырма

Сонымен қатар электрондық тапсырмаларға қажет болса, суреттер, формулалар салуға, мәтінді дыбыстап, аудиожазба, бейнежазба қоюға болады.

Барлық қажетті ресурстар слайдқа салынып болғаннан кейін «публикация» белгісін басып, «ехе» арқылы сақтайтын болсақ, электрондық тапсырмаларды кез келген тасымалдағышта пайдалануға болады.

Қашықтықтан оқытуға арналған iSpringLearn оқу үдерісін белсенді жүргізуге және оқу нәтижелерін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Тапсырманы орындаушы оны бірден оқытушының электрондық поштасына жібере алады. Сонымен қатар білім алушылар бұл бағдарламаның көмегімен жасалған курсты кез келген құрылғыдан: ноутбук, планшет, телефоннан да ашып қарай алады және кез келген өзіне ыңғайлы уақытта курсты тындап, тест, тапсырмаларды орындап, өтілген материалдарды қайталай алады. Жалпы алғанда, iSpring бағдарламасының қашықтықтан оқытуда мүмкіндіктері мол. Осы бағдарлама көмегімен жасалған электрондық оқулықтар оқу үдерісінде таптырмас құрал болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 44 б.
- 2 Буйлов О. <https://ra-kurs.spb.ru/info/articles/?id=76>
- 3 <https://www.ispring.ru/elearning-insights/ispring-v-meditinskoy-obrazovanii>
- 4 Жетимекова Г.Ж. «Тест құрауда және сауалнама жүргізуде. iSpring QuizMaker қолданылу ерекшеліктері» Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы, №1(5), 2015 ж. 52-55-бб.
- 5 Астанова М.К. Использование программы iSpringSuite при создании мультимедийных электронных учебных пособий. Известия ОшТУ, 2017 №2. Стр.41-45.
- 6 Отарбекова Ж.К., Нұржанова Б.Н., Байтимбетова П.А. Дауткулова А. Қ.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясынан өздік жұмыс тапсырмалары. Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2019. - 160 бет.
- 7 Қазіргі қазақ тілі салалары бойынша электрондық оқулықтар базасын құру мен бейнекор жасау мәселесі. Көптілділікті дамыту жағдайында тұлғаны қалыптастыру. Республикалық оқу әдістемелік семинар материалдары. Алматы, 3-16 сәуір 2017.133-136-б.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРОГРАММ ISPRING ПРИ ДИСТАНЦИОННОМ ОБУЧЕНИИ

Необходимость совершенствования технологий дистанционного обучения в современной системе образования актуальна. Хотя электронные учебники и различные образовательные ресурсы были разработаны для многих средних школ, таких ресурсов в высших учебных заведениях недостаточно. Для активного общения и эффективной обратной связи между студентами и преподавателями необходимо разрабатывать электронные учебники. Создание

качественного электронного учебника - сложный, трудоемкий процесс, требующий участия ряда специалистов: редакторов, дизайнеров, программистов. И сегодня, при переходе к массовому дистанционному обучению, появилась возможность удовлетворить потребность в быстрой разработке и использовании электронных учебников с помощью продуктов iSpring. С iSpring преподаватель самостоятельно может не только записывать видео для каждой лекции, но также готовить различные интерактивные задания и тесты, получает готовые результаты выполненных тестов и заданий. iSpring Learn для дистанционного обучения позволяет активно вести учебный процесс и отслеживать результаты обучения. В рамках статьи мы стремимся показать, как подготовить электронные задания по современному казахскому языку с помощью iSpringSuite - 9.

Ключевые слова: дистанционное обучение, электронный учебник, iSpring, iSpring Learn, iSpring Suite-9, интерактивные задания.

EFFICIENCY OF ISPRING PROGRAMS IN DISTANCE LEARNING

The need to improve distance learning technologies in the modern education system is urgent. Although e-textbooks and various educational resources have been developed for many secondary schools, such resources in higher education institutions are insufficient. For active communication and effective feedback between students and teachers, it is necessary to develop electronic textbooks. Creation of a high-quality electronic textbook is a complex, laborious process that requires the participation of a number of specialists: editors, designers, programmers. And today, with the transition to mass distance learning, it has become possible to satisfy the need for the rapid development and use of electronic textbooks using iSpring products. With iSpring, a teacher independently can not only record a video for each lecture, but also prepare various interactive tasks and tests, and receive ready-made results of completed tests and assignments. iSpring Learn for Distance Learning allows you to actively lead the learning process and track learning outcomes. As part of the article, we aim to show how to prepare electronic assignments in the modern Kazakh language using iSpring Suite - 9.

Keywords: distance learning, electronic textbook, iSpring, iSpring Learn, iSpring Suite-9, interactive tasks.

References

- 1 Qazaq tili. Orta bilim berý mazmunyn jańartý aiasynda negizgi orta bilim berý deńgeiniń 5-9 synpytaryna arnalǵan oqý baǵdarlamasy. – Astana, 2016. – 44 b.
- 2 Býilov O. <https://ra-kurs.spb.ru/info/articles/?id=76>
- 3 <https://www.ispring.ru/elearning-insights/ispring-v-meditinskoy-obrazovanii>
- 4 Jetimekova G.J. «Test quraýda jáne saýalnama júrgizýde. iSpring QuizMaker qoldanyly erekshelekteri» Abai atyndaǵy QazUPY-nıń Habarshysy, «Jas ǵalym. Izdenister. Máseleler. Zertteýler» serıasy, №1(5), 2015 j. 52-55-bb.
- 5 Astanova M.K. Ispolzovanie programmy iSpringSuite pri sozdanii mýltimedınyh elektronnyh ýchebnyh posobiı. Izvestıa OshTÝ, 2017 №2. Str.41-45.
- 6 Otarbekova J.K., Nurjanova B.N., Baitimbetova P.A. Daýtқылова А. Q.Qazirgi qazaq tiliniń leksikologıasy men leksikografıasynan ózdik jumys tapsyrmalary. Almaty: «Qyzdar ýnıversiteti» baspasy, 2019. - 160 bet.
- 7 Qazirgi qazaq tili salalary boyınsha elektrondyq oqýlyqtar bazasyn qurý men beıneqor jasaý máselesi. Kóptildilikti damytý jaǵdaıynda tulǵany qalyptastyru. Respýblikalyq oqý ádistemelik seminar materialdary. Almaty, 3-16 saýır 2017.133-136-b.

Information about authors:

Zhamilya Otarbekova, candidate of philological sciences, acting professor of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: zhotarbekova@gmail.com

Akmaral Dautkulova, master-senior teacher of the Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan, E-mail: sat.tom@mail.ru